

СЕКЦИЯ 2

МЕКТЕПТЕ, КОЛЛЕДЖДЕР МЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЦИФРЛЫҚ, ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПРАКТИКИ РЕАЛИЗАЦИИ ОСНОВНЫХ И ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ЦИФРОВОГО, ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОГО И ГУМАНИТАРНОГО НАПРАВЛЕНИЙ В ШКОЛЕ, КОЛЛЕДЖАХ И ВУЗАХ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Абдикаримова Жанар Куандықовна,
Бухарбай Қауя Сапарбекқызы,
№ 115 жалпы орта білім беретін мектеп
бастауыш сынып мұғалімдері, Қостанай қ.*

Аннотация

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау білу дағдысын дамытып, оны жетілдіру маңызды. Осы бағытта әрбір педагог сабақ процесінде қалыптастырушы бағалауды әр тапсырма сайын қолдану керек. Қалыптастырушы бағалау негізінде оқушы өзінің білім деңгейін, тапсырма орындау деңгейін бағалап, өзін-өзі реттеп, жетілдіріп, өзгеніде бағалап үйренеді. «Мен дәл қазір қандай деңгейде тұрмын? Неліктен тапсырманы орындау қиын болды?» деген сұрақтардың жауабын табады. Мақалада осы бағытта қалыптастырушы бағалау жан-жақты қарастырылған. Ғылыми еңбектерге, Назарбаев зияткерлік мектебінің бағдарламаларына сілтеме жасалған.

Кілт сөздер: қалыптастырушы бағалау, жаңартылған білім беру, деңгей, сабақ процесі, жауап.

Аннотация

Сегодня в рамках обновленной образовательной программы важно развивать и совершенствовать у учеников навыки критического мышления. В связи с этим каждый преподаватель должен использовать формативную оценку на каждом уроке в классе. На основе формативной оценки ученик учится оценивать свой уровень знаний, уровень выполнения заданий, саморегуляцию, самосовершенствование и оценивать других. Находит ответы на следующие вопросы: «На каком уровне я сейчас?» «Почему задача была трудной?». В статье дается всесторонняя информация о формативном оценивании. Также имеются ссылки на научные работы, программы Назарбаев Интеллектуальной школы.

Ключевые слова: формирующее оценивание, обновленное образование, уровень, учебный процесс, ответ.

Abstract

Today, within the framework of the updated educational program, it is important to develop and improve students' critical thinking skills. As such, every teacher should use formative assessment in every lesson in the class. Based on formative assessment, the student learns to assess his level of knowledge, level of assignment, self-regulation, self-improvement and evaluate others. Finds answers to the following questions: «At what level am I now?» «Why was the task difficult?» The article provides a comprehensive formative assessment in this area. Also, links are given to scientific works, programs of the Nazarbayev Intellectual School.

Key words: formative assessment, updated education, level, educational process, answer.

Қазіргі ақпараттық қоғамда табыспен өмір сүру үшін балалар мен жастар мәнжайды түсініп, тәуелсіздік алу мақсатында белсенді, сындарлы оқудың тиімді тәсіл-

деріне тартылуы тиіс. Білім беру саласында қол жеткізілген бүкіләлемдік бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды [1, 12]. Өзекті мақсаттардың бірі – сын тұрғысынан ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Ғылыми деректерге сүйенсек, сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және жинақтауда қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді [1, 25]. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін бірнеше міндеттер орындалуы тиіс. Алдымен сын тұрғысынан ойлай білетін оқушыны қалыптастыру. Ол үшін мына мақсаттарға назар аудару керек:

- Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру;
- Жұпта, топта жұмыс жасай білуге үйрету;
- Бір-бірінің білімін бағалауға;
- Жетістіктерін қолдана білуге тәрбиелеу;
- Тез әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және
- тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту;
- Талабын ұштап, қиялын дамыту [2, 5].

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес, оқу мақсаты басты орын алады. Берілетін тапсырма, дескриптор барлығы да оқу мақсатының төңірегінде ғана жүзеге асады. Оқушылардың оқу бағдарламаласындағы оқу мақсаттарына жету дәрежелерін анықтау үшін Б.Блумның оқу мақсаттары таксономиясына сәйкес бағалау критерийлері ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша реттеліп құрастырылады. Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе соны ғана бағалайды және тапсырманы беру барысында Блум таксономиясына сүйену керек. Оқу мақсатынан бағалау критерийі шығады. Мысалы, 9-сынып қазақ әдебиетіндегі оқу мақсаты: Т/Ж. 9.1.1.1 – әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау. Бағалау критерийі, сәйкесінше, білім алушы әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасай алады. Берілетін тапсырма: Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасына сюжеттік-композициялық талдау жаса. Дескриптордан нақты қадамнан тұруы тиіс.

Көптеген мұғалімдердің сабақ беру процесінде ескермей жататын мәселесінің бірі – қалыптастырушы бағалау.

Оқушылармен тапсырманы орындағаннан кейін міндетті түрде қалыптастырушы бағалауды қолдану керек. Әр оқушы өзін, оқушылар бір-бірін, топтар өзара бағалау жүргізуі тиіс.

Қалыптастырушы бағалау – оқушының оқу нәтижесінің үнемі ілгерілеп және дамып отыруына ықпал ететін, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысын қамтамасыз ететін үдеріс [3, 13].

Қалыптастырушы бағалау бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Оқу мақсатымен, бағалау критерийімен оқушылардың танысуы;
2. Оқушының нені меңгергенін дәлелдейтін көрсеткіштер;
3. Оқушының дамуына ықпал ететін кері байланыс;
4. Оқушылардың бір-бірін бағалауына аса мән беру.

Қалыптастырушы бағалаудың нәтижесінде оқушылар бір-бірін бағалап, өздерін бағалап, жетік тұстары мен жетілдіру керек тұстарын нақты анықтай алады. Сабақ барысында қолданылатын ең қарапайым қалыптастырушы бағалау – «Қиын/оңай».

Қазіргі таңда сабақ процесінде қолданылатын қалыптастырушы бағалауларды төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Өзін-өзі бағалауға арналған ҚБ;

2. Өзара бағалауға арналған ҚБ;
3. Топтық бағалауға арналған ҚБ;
4. Аралас ҚБ.

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «құрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады. Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет.

Өзін-өзі бағалауға арналған бірнеше қалыптастырушы бағалаулар бар. Олардың ерекшелігі – оқушы өз жұмысын бағалап, өзінің жетілдіретін тұсын анықтайды, метатануы, өзін-өзі реттеуі дамиды.

«*INSERT*» немесе «*түртіп алу*» әдісі

«+» – білемін, «-»- білмеймін, «v»- мен үшін жаңабілім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды – деген белгілердің тұсына берілген тапсырмалар бойынша ойларын жазып білдіруге болады.

«+»

«-»

«v»

«?»

Бұл бағалауды өзара бағалауда, топтық бағалауда қолдануға болмайды. Тек әрбір оқушы өз білімін ғана тексере алады.

Ең қарапайым бағалаудың бірі – «Бағдаршам». «Қызыл» – сабақты не тапсырманы түсінбедім, «Сары» – сұрағым бар, «Жасыл» – барлығы түсінікті.

Сонымен қатар, сабақ процесінде оқушының өзін-өзі бағалауы үшін жиі қолданылатын қалыптастырушы бағалаудың бірі – «Қиын/оңай».

«Қиын»

«Оңай»

Тапсырманы орындау барысында маған не қиын болды? Неліктен?

Қай тапсырманы орындау оңай болды? Неліктен?

Осы қалыптастырушы бағалау негізінде оқушылар тапсырманы орындау барысында қиындық туғызған мәселені талқылап, өзін-өзі реттеуді меңгереді.

«Бағалау терезесі». Төрт терезенің суреті салынған кестені ұсынуға болады. Әрбіреуінде белгілі бір тұжырым бар:

Мен үшін бәрі де түсінікті

Менің сұрағым бар?

Мен есте сақтадым

Мен үшін түсініксіз

Бұл қалыптастырушы бағалау негізінде оқушы есінде сақтаған мәліметпен және түсініксіз болған мәліметпен бөлісіп, мұғаліммен кері байланыс жасай алады.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудың маңызды кезеңі оқушылардың жұмыстарының нәтижелерін талдау болып табылады:

Тексерілген жұмысты талдау:

1. Тапсырма қиындық тудыратын оқушылар тобын анықтау;
2. Бөлім, тақырыпты оқуда қиындық тудырған оқушыларды анықтау;
3. Оқушылар үшін ең ауыр және мәселелер тудыратын сұрақтарды анықтау [3, 19].

«Үш минуттық эссе» әдісін әр түрлі сұрақтар арқылы түрлендіруге болады. Ең озық үлгісі қазақ тілі мен әдебиеті сабағы барысында қолданылады:

1. Мен нені дұрыс орындадым?
2. Мен қай тапсырмада қиналдым?

3. Мен неліктен тапсырманы дұрыс орындамадым?
4. Қандай орфографиялық қателіктер жібердім?
5. Білімімді қалай жетілдіре аламын?

Өзара бағалау барысында оқушылар бір-біріне пікір айтып, жетік тұсын мадақтап, жетілдіретін тұсын ескертеді. Өзара бағалауда қолданылатын қалыптастырушы бағалаулар топтық бағалауда да орын алуы мүмкін.

«**Мадақтау сэндвичі**». Ең кең таралған бағалаудың бірі болып саналады. Бұл бағалау өзара бағалау үшін де, топтық бағалау үшін де келеді. Үш бөліктен тұрады

- 1 бөлік – позитивті комментарий, не ұнады;
- 2 бөлік – сындарлы сын, не нәрсені жақсарту керек;
- 3 бөлік – келешекке (маған ұнады, бірақ келесі жолы)

Мысалы, *маған оқушының жауабы ұнады, себебі ол дескрипторға сәйкес мәтіннен негізгі ақпаратты тапты, қосымша ақпаратты тапты. Алайда, менің ойымша, оған толық жауап беру керек, келешекте өз ойын толық жеткізсе жақсы болар еді.*

«Екі жұлдыз, бір ұсыныс». Екі жұлдыз – бізге ұнаған, тиімді болған екі ұтымды тұсы мен бір ұсыныс. Бұл топтық бағалаудан кейін оқушылар топтың ұтымды тұсын анықтап, болашақта жетілдіретін тұсын қарастыра алады.

Топтық жұмыстағы бақылау барысында оқушыларға ұсынуға болады:

1. Жаңа идеяны құрастыру;
2. Екі (немесе одан да көбірек) идеяны салыстыру;
3. Идеяны бағалау;
4. Топтағы бақылау негізінде қорытынды жасау;
5. Сұрақтарға жауап беру [3, 18].

Топтар өздерін ішінара да бағалай алады. Мысалы: «ЗҚ» қалыптастырушы бағалауы:

Қызықты болды	Қиын болды	Қарастырамын әлі
---------------	------------	------------------

Топтық жұмыс барысында:

1. Не қызықты болды?
2. Не қиын болды?
3. Нені қарастыратын боламын?

Ғалымдардың зерттеуінше, қалыптастырушы бағалау, кері байланыс кезінде төмендегі қағидалар ескерілуі тиіс:

Позитивті ойлау, бағалаушы болмау, кеңес бермеу, тек ұсыныс жасау, ынталандыруға ұмтылу, сыпайы болу, көмектесу, ризашылық білдіру, тыңдай білу. 26 бет. Жалмұқанова.

«Кәсіби даму = тәжірибе + рефлексия» деген формула мұғалімнің негізгі міндеттері мен жұмыс ретін нақты көрсетеді. Әр сабағынан кейін мұғалім өзінің және оқушыларының әрекеттерін талдап, олардың жақсы және жақсартуға тұрарлық жақтарын айқындап, келесі сабаққа өзгерістерді енгізіп отырса – ол үнемі даму үстінде болады. Ал кәсіби біліктілігін күнделікті түрде, тұрақты, үзбей, толассыз дамыту – әр мұғалімнің ең басты міндеті. В. Сухомлинский айтқандай, мұғалім үйренуін тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады [2, 22].

Сондықтан сабақтың соңында міндетті түрде рефлексия жүруі тиіс. Басқаша сөзбен айтқанда, рефлексия жасай алмайтын оқушы өзінің өзгерістерін де байқамайды.

Ғалымдардың зерттеуінше, ең көп қолданылатын кері байланыстың бірі – «Аяқталмаған сөйлем». Алайда оның дәстүрлі сұрақтарын түрлендіріп қолдануға болады:

Маған сабақ ұнады, өйткені, біріншіден... екіншіден...

үшіншіден...», «Мен көп нәрсені білдім. Мысалы, біріншіден... екіншіден...»,

□ «Сабақ қызық өтті, өйткені, біріншіден... екіншіден... үшіншіден...»,

□ «Мен сабақта құнды деректер алдым, мәселен, біріншіден... екіншіден... үшіншіден...»,
□ «Мен бүгін өзімді мынау үшін мақтар едім (немесе «Менің жұмыс жасауымның жақсы жақтары мынау...»): біріншіден... екіншіден... үшіншіден...»,
□ «Осы сабақтан кейін мен өз білімімді мына тұрғыда жақсартуым керек: біріншіден... екіншіден... үшіншіден...»,
□ «Осындай сабақтар көп болса екен, өйткені, біріншіден... екіншіден...». Сонымен қатар, «Бес саусақ» әдісі оқушылар үшін өте қызықты әрі танымды деп есептейміз.

Бас бармақ – мен үшін бүгін маңызды болды;
Сұқ саусақ – мен бүгінгі сабақтан білгенім;
Ортаңғы саусақ – мен үшін әлі түсініксіз;
Аты жоқ саусақ – мен үшін жаңа ақпарат;
Шынашақ – мені таңғалдырды.

Қорытындылай келе, өзінің оқуының мақсаты мен жетістікке қалай жетуін білу үшін оқушылар өз өзін бағалауды үйрену керек. Қалыптастырушы бағалау мен кері байланыс сыни тұрғыдан ойлай білетін оқушыны қалыптастыруға дәнекер болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Педагогикалық қоғамдастығы мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. ПШО, – Астана. 2015 ж.
2. Жалмуханова Б.Х. Ж22 Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдер: әдістемелік құрал / Б.Х. Жалмуханова – Атырау, 2018. – 67 б.
3. Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі. Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы қр БжҒМ Ы. Алтынсарин атындағы ҰББА «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. «Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы», – Астана. 2016 ж.

ОРТА МЕКТЕПТЕ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ МЫСАЛЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдимоминова Дилдаш Каппаровна,
аға оқытушы, педагогика білімдерінің магистрі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Ахметқаримова Шнар Каирбековна,
Оңғарова Мәлика Нариманқызы,
Кәсіптік оқыту мамандағының 3 курс студенттері
Қостанай қ.

Аннотация

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт бойынша бұл мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде көркем еңбекті оқытудың ерекшеліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, көркем еңбек.

Аннотация

Сегодня проблема, привлекающая внимание всего мирового сообщества – это инклюзивное образование, которое предусматривает полную интеграцию индивидуальных потребностей и особенностей детей в образовательный процесс с участием окружающей среды и семьи. Таким образом,